

Облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 55/7 (III сайланған, VII сессия) шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 28 қазанда N 2768 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс экономика департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын б о л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Н. Шабрат

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық Мәслихатының
III сайланған VII сессиясы
2004 жылғы 24 қыркүйектегі
"Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым
және сумен жабдықтау объектілері
құрылысын қаржыландырудың

2004-2006 жылдарға арналған
бағдарламасы туралы "

№ 55/7 шешіміне қосымша

**Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым және сумен
жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың
2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы**

1. Паспорт

Атауы	Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 2004 жылғы 12 ақпандағы өткізген кеңестің N 11-7/007-63 хаттамасы
Негізгі әзірлеуші	Облыс экономика департаменті
Мақсаты	Ауылдық жерлердің халқын денсаулық сақтау, білім беру және сумен қамтамасыз ету қызметтерімен қамтылу деңгейін өңіраралық теңестіру
Міндеттері	Білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамту объектілері құрылысының қажеттілігін анықтау; қаржыландыру көлемі мен көздерін анықтау
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Республикалық бюджеттің қаражатынан - 7094,04 млн. теңге, жергілікті бюджеттердің қаражатынан -1242,6 млн. теңге
Күтілетін нәтижелер	Облыс ауылдық жерлердің халқын білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту; бюджеттік қаражатты тиімді пайдалану
Іске асыру мерзімі	2004-2006 жылдар

2. Кіріспе

2002 жылдан бастап ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және даму бағдарламалары деген ұғым енгізілді. Бұл мемлекеттің заңнамамен белгіленген мемлекеттік мекемелер желісін ұстау жөніндегі міндеттерін орындау құнын бағалаудың қажеттілігінен туындап отыр.

Соңғы уақытта мемлекеттің инвестициялық жобаларға салынатын қаражаттарының оң үрдісі байқалуда. Бұған мемлекеттің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына салған инвестициялық салымы көлемін

шынайы бағалауға мүмкіндік беретін бағдарламалық бюджетті қалыптастырудың оң тәжірибесі себеп болды.

Білім беру, денсаулық сақтау және сумен қамтамасыз ету инвестицияларды салу үшін басымдықты салалар болып қалады.

Инвестициялық жобаларды қарау индикативтік және бюджеттік жоспарлау үрдістері шеңберінде жүзеге асырылады және оның ішінде инвестициялық ұсыныстарды қарау және іріктеу, инвестициялық жобаларды дайындау, бағалау және іріктеу, олардың басымдықтылауларының тізілімін қалыптастыру және бюджеттік комиссияларға ұсыну, олардың тізілімі мен қаржыландыру көлемін тиісті бюджеттік комиссиялардың қарауы бар.

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі 2004 жылғы 12 ақпанда өткізген кеңестің N 11-7/007-63 хаттамасы және облыс әкімінің тапсырмасы.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Мектептердің тозуы мен техникалық жағдайдың қазіргі заманның талаптарына сай келмеуі облыс білім беру жүйесінің проблемаларының бірі болып табылады.

Облыста 465 жалпы білім беретін мектептің 165-і бейімделмеген бөлмелерде орналасқан (35 %), соның ішінде 10 % - орта, 78 % - негізгі және 89 % бастауыш мектептер.

Мектептердің көбі 1938 - 1983 жылдары салынған (363 мектеп немесе - 78 %). Ғимараттардың тозу деңгейі орта есеппен 30-50 % құрайды. Облыстың жиырма екі мектебі ағаш, қамыс және қалқаннан жиналған ғимараттарда орналасқан, бұл өрт қауіпсіздігі ережелеріне қайшы келеді.

2001 жылға дейін облыста 10 жыл бойы мектеп салынған жоқ. 2001 жылы Баянауыл ауданы Теңдік ауылында орта мектеп салынды.

2003 жылы Железин және Павлодар аудандарында республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жалпы сомасы 321,2 млн. теңгеге мектептер салынды, ал облыстық бюджет қаражаты есебінен (өртке байланысты көзделмеген жағдайда) Лебяжі ауданы Шоқтал ауылында жаңа мектеп іске қосылды.

Бүгінгі күні облыста мектеп құрылысының қажеттілігі 16 объекті құрайды, соның ішінде:

білім беру ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативтеріне сәйкес туберкулезбен ауырған балаларға арналған мектеп-интернат;

авариялық жағдайдағы мектептердің орнына салу қажеттілігіне байланысты 7 - объектi ;

орын саны жеткіліксіздігіне байланысты - 9 объекті (қосымша оқу корпусары мен жапсаржай құрылыс салу).

Облыстың денсаулық сақтау саласында авариялық жағдайдағы ғимараттар жоқ, бірақ 78 ауылдық дәрігерлік емхананың (бұдан әрі - АДЕ) 67-і, 222 фельдшерлік-акушерлік пункттің (бұдан әрі - ФАП) және 225 фельдшерлік пункттің (бұдан әрі-ФП), 5 ауылдық учаскелік аурухананың (бұдан әрі-АУА) 4-і үлгідегі емес бөлмелерде орналасқан. Павлодар аудандық поликлиникасы жалға алған бөлмеде орналасқан, стационарлық бөлімшесі жоқ. Май аудандық ауруханасы 1968 жылы салынған үлгілік емес ғимаратта және аудан орталығынан 5 км жерде орналасқан. Майқайың кентінің ауылдық учаскелік ауруханасы бірінен бірі 3 км қашықтықта тұрған екі ғимаратта орналасқан және олар құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНЕ) сай келмейді. Баянауыл ауданы Октябрь ауылында (323 тұрғын), фельдшерлік пункт жоқ, Кенжекөл ауылында (3606 тұрғын), құрылыс нормалары мен ережелеріне сай келмейтін жеке меншік ауылдық дәрігерлік емхана қызмет көрсетеді.

Туберкулез ауруханалары 1960 жылы салынған ғимараттарда орналасқан. Сонымен қатар Павлодар облысы бойынша 100 мың тұрғынға туберкулезбен сырқаттылық орташа республикалық көрсеткіштен 22 % (196,3) артық.

Босануға көмектесу қызметі орнының жұмыс бастылығы байқалуда: облыс бойынша -305,7 күн, облыстық медицина ұйымдарында - 418 күн.

Ауылдық жерлерде медицина ұйымдарын салу 1990 жылдан бері жүргізілген ж о қ .

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасы асқынып тұр. қазіргі уақытта облыстың 67 ауылдық елді мекенінде ғана су құбырлары жұмыс істейді, 174-де орталықсыздандырылған ауыз су көздері, 62 елді мекен суды тасып ішеді. Басқаларда мемлекеттік стандартқа сай келмейтін су пайдаланылады. Сапасыз судың негізгі үлесі облыстың сегіз өңіріне келеді (Екібастұз және Ақсу қалаларының ауылдық аймақтары, Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Качиры, Май және П а в л о д а р а у д а н д а р ы) .

Жер асты суларының болжамды ресурстары көлемінен барланған және бекітілген пайдалану қорлары: республика бойынша - 47 % жуық, Павлодар облысы бойынша - 30,9 %. Қазақстанның аумағында барланған және бекітілген жер асты суларының барлық көлемінен Павлодар облысының үлесіне 8,8 % к е л е д і .

Облыстағы 1210 көлдің 8 %-ның ғана суы тұщы. Бұл уақытша су ағындары, көлдер сияқты сумен жабдықтау көздері бола алмайды.

22 % жуық жергілікті ауылдық су құбырларының қажетті техникалық қызмет көрсетілмеуінен және инженерлік қондырғылардың уақытында жөнделмеуіне байланысты жұмысын тоқтатты. Жұмыс істеп тұрған ауылдық су құбырларында су тарату колонкаларының 85 % жұмыс істемейді, су қыспақты мұнаралар істен шығарылған. Кент ішіндегі таратушы желілердің 60 % астамы толық

ауыстыруды қажет етеді. Жұмыс істеп тұрған сумен жабдықтау объектілерінің қысқару үдерісі байқалуда.

Осыған байланысты 2002 жылдан бастап барлық деңгейдегі бюджеттерден сумен қамтамасыз ету объектілерін қаржыландыру жүргізілуде. 2002 жылы облыс бюджетінен жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеуге 26,6 млн. теңге бөлінді. 2003 жылы осы объектілерді қайта жаңалау мен салуға республикалық бюджеттен 220,6 млн. теңге түсті, соның ішінде Ақсу, Екібастұз қалаларының, Баянауыл ауданы елді мекендерін сумен жабдықтау жүйесінің үшінші кезегінің құрылысын салуға - 171,5 млн. теңге және Ертіс ауылының су құбырлары жүйесін қайта жаңалауға-49,1 млн. теңге. Бұдан басқа облыстық бюджет қаражаты есебінен осы мақсатқа 104,1 млн. теңге бөлінді, соның ішінде жұмыс жобаларын әзірлеуге -31,7 млн. теңге.

Сонымен, 2003 жылы бюджеттен білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамтамасыз ету объектілерінің құрылысына 2002 жылы 6 есеге жуық артық қаражат бөлінген. Сонымен қатар осы объектілердің құрылысы баяу қарқынмен жүргізілуде екенін атап өту керек.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - ауылдық жерлердің халқын денсаулық сақтау, білім беру және сумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз ету деңгейін өңіраралық теңестіру.

Бағдарламаның міндеттері:

білім беру, денсаулық сақтау, сумен жабдықтау объектілері құрылысының қажеттілігін анықтау;

инвестициялық объектілердің бірінші кезектіліктілігін анықтау; қаржыландыру көлемі мен көздерін анықтау.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Мыналап:

мектептердің авариялық жағдайлары мен оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу;

білім беру жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамыту үшін жағдай жасау. Бағдарламаны іске асырудағы білім беру саласындағы негізгі бағыттары болып табылады.

2004-2005 жылдары білім беру саласында Шарбақты ауданының Шалдай ауылында 220 орындық туберкулез сипаттағы сырқаттары бар балаларға арналған мектеп-интернаттың құрылысы жоспарлануда.

Мектептердің авариялық жағдай проблемасын шешу мақсатында 2004 жылы республикалық бюджеттен Павлодар ауданы Набережное ауылында және Ертіс ауданы Ертіс ауылында ғимараттар салуға 543,74 млн. теңге сомасында трансферттер бөлу жоспарлануда.

2005-2006 жылдары республикалық бюджет қаражаты есебінен жалпы құны 1032,0 млн. теңгеге 5 мектеп бұзуға және ауыстыруға жатады, соның ішінде Екібастұз қаласының Шідерті кентінде, Лебяжі ауданы Жабағылы ауылында, Лебяжі ауданы Ямышев ауылында.

Мектеп жасындағы балалардың туберкулезбен сырқаттануы жоғары болуына байланысты 2004 жылы Шарбақты ауданы Шалдай ауылында 220 орындық мектеп-интернаттың құрылысы басталды. 2004-2005 жылдары осы мақсатқа республикалық бюджеттен қаражат бөлінді.

Білім беру жүйесінде ұлттық модельді тиімді дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Павлодар, Шарбақты, Ертіс, Успен аудандарында және Ақсу қаласының ауылдық аймағында мектептерге жапсаржай құрылысын салу жоспарлануда.

Сондай-ақ 2006 жылы Ертіс ауданы Ертіс ауылында және Баянауыл ауданы Баянауыл ауылында балабақша құрылысы жоспарлануда.

М ы н а л а р :

медициналық мекемелер ғимараттарының апаттылығы проблемасын шешу;
халықтың денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру денсаулық сақтауда негізгі бағыттар болып табылады болып табылады.

2004-2006 жылдары 6 аурухана, 2 ауылдық дәрігерлік емхана және 2 фельдшерлік пункттің құрылысы жоспарлануда.

Сумен жабдықтау саласында негізгі бағыттар:
облыстың ауылдық жерлерінің халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;
жұмыс істеп тұрған сумен жабдықтау жүйелерін қалыпты техникалық жағдайда ұстап тұру;

сумен жабдықтау объектілерін салу және қайта жаңалау;
сумен қамтамасыз ету пункттерін орнату болып табылады.

2004-2006 жылдар мерзімінде сумен жабдықтау объектілері бойынша барлық деңгейдегі бюджеттерден барлығы 3689,7 млн. теңге бөлу жоспарлануда, соның ішінде республикалық бюджет есебінен - 3327,5 млн. теңге, жергілікті бюджет есебінен - 362,2 млн. теңге.

2004 жылы облыстың елді мекендерін сумен жабдықтау жүйелері мен сумен жабдықтау пункттерінің құрылысын салуға және жаңалауға республикалық бюджеттен 620,5 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Облыстық бюджет есебінен - 119,2 млн. теңге қарастырылған.

2005 жылы облыс елді мекендерінің сумен жабдықтау жүйелері құрылысын салуға және жаңалауға облыс аудандарына республикалық бюджет қаражатынан 1830,7 млн. теңге, 35,1 млн. теңге "Су тазарту ғимараттар құрылысының" жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу жергілікті бюджет қаражаты есебінен,

елді мекендерді сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелген жүйесін қайта жаңалау және салуға 89,9 млн. теңге.

2006 жылы облыс елді мекендерінің сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысын салуға және жаңалауға республикалық бюджет есебінен 876,3 млн. теңге бөлу жоспарлануда, елді мекендерді сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелген жүйесін қайта жаңалау және салуға 81,2 млн. теңге бөлінеді.

6. Бағдарламаны қаржыландыруға қажетті ресурстар мен көздер

Бағдарламаны қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары болып табылады.

Қаржыландырудың жалпы көлемі 8336,64 млн. теңге сомасында, соның ішінде республикалық бюджеттен - 7094,04 млн. теңге, жергілікті бюджеттен - 1242,6 млн. теңге болжануда. Барлық деңгейдегі бюджеттен денсаулық сақтау 2131,3 млн. теңге, білім беру - 2515,64 млн. теңге, сумен жабдықтау объектілері құрылыстарына - 3689,7 млн. теңге бөлу жоспарлануда.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның орындалуы облыстың білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау объектілері құрылысына біркелкі бюджеттік қаражаттың бөлінуін қамтамасыз етеді.

Білім беру жобаларын іске асыру ауылдағы білім беру жүйесін дамытуға, тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты толығырақ іске асыруға, кадрларды ауылға бекітуге және қосымша жұмысшы кадрларын құруға көмектесетін болады.

Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысын салу аудандардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға жәрдемдесетін болады, ауруларды емдеу жағдайы мен сапасын жақсартады.

Сумен жабдықтау объектілерінің жобаларын іске асыру облыстың ауылдық жерлерінің халқын сапалы ауыз сумен, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған сумен жабдықтау жүйелерін тиісті техникалық жағдайда ұстауды қамтамасыз етеді.

8. Облыстың әлеуметтік инфрақұрылым және сумен жабдықтау объектілері құрылысын қаржыландырудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындау- шылар	Орын далу мерзі мі	Болжам д ы шығыс т а р (млн. теңге)	Қаржы ланды ру көз дері
1	2	3	4	5	6	7
1. Денсаулық сақтау						
1					280,0	

	Баянауыл ауылындағы 35 төсектік Баянауыл туберкулез ауруханасының құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс денсаулық сақтау департаменті	2004 жыл 2005 жыл	67, 27	Республикалық бюджет қаражаты
2	Ертіс ауданы Ертіс ауылындағы 35 төсектік туберкулез ауруханасының құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс денсаулық сақтау департаменті	2005 жыл 2006 жыл	114,52 197,87	Республикалық бюджет қаражаты
3	Качиры ауданының Качиры ауылындағы 35 төсектік туберкулез ауруханасының құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыстың денсаулық сақтау департаменті	2005 жыл 2006 жыл	170,06 170,06	Республикалық бюджет қаражаты
4	Май ауданының Көктөбе ауылындағы 100 төсектік және ауысымына 200 келіп-кетуші болатын орталық аудандық аурухананың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыстың денсаулық сақтау департаменті	2006 жыл 2007 жыл 2008 жыл	274,39 321,63 237,5	Республикалық бюджет қаражаты
5	Баянауыл ауданының Майқайың кентіндегі 80 орындық және ауысымына 150 келіп-кетуші болатын ауылдық учаскелік аурухананың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Баянауыл ауданының әкімі	2004 жыл	43,4	Баянауыл ауданының бюджеті
6					16,3	

	Баянауыл ауданы Октябрь ауылындағы фельдшерлік пункттің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Баянауыл ауданының әкімі	2005 жыл		Баян-ауыл ауданының бюджеті
7	Павлодар қаласының ауылдық аумағындағы Кенжекөл ауылдық дәрігерлік емхананың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Павлодар қаласының әкімі	2005 жыл	42,5	Павлодар қаласының бюджеті
8	Ертіс ауданының Абай кентіндегі 80 төсектік және ауысымына 150 келіп - кетуші болатын ауылдық учаскелік аурухананың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Ертіс ауданының әкімі	2006 жыл	137,0	Ертіс ауданының бюджеті
9	Лебяжі ауданы Шақа ауылындағы фельдшерлік пункт ғимаратының құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Лебяжі ауданының әкімі	2006 жыл	16,3	Лебяжі ауданының бюджеті
10	Павлодар ауданы Красноармейка ауылындағы ауылдық дәрігерлік емхананың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Павлодар ауданының әкімі	2006 жыл	42,5	Павлодар ауданының бюджеті
2. Білім беру						

11	Шарбакты ауданы Шалдай ауылындағы туберкулез сипатындағы аурулары бар балалар үшін 200 орындық мектеп - интернаттың құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2004 жыл 2005 жыл	300,0 539,5	Республика - лық бюджет қаражаты
12	Павлодар ауданының Набережное ауылындағы 420 орындық мектептің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2004 жыл	312,44	Республика - лық бюджет қаражаты
13	Ертіс ауданы Ертіс ауылындағы 198 орындық қазақ тілінде оқытатын мектептің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2004 жыл	231,3	Республика - лық бюджет қаражаты
14	Екібастұз қаласының Шідерті ауылдық аумағындағы 600 орындық мектептің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2006 жыл	550,0	Республика - лық бюджет қаражаты
15	Лебяжі ауданының Ямышев ауылындағы 220 орындық мектептің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2004 жыл	208,0	Облыс т ы қ бюджет т ің қаражаты
16	Павлодар ауданы Мичурин ауылындағы мектепке	Облыс экономика департаментіне			25,0	Павлодар

	жапсаржай (спортзал) құрылысын салу	тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Павлодар ауданының әкімі	2004 жыл		ауданының бюджеті
17	Лебяжі ауданының Жабағлы ауылындағы 80 орындық мектептің құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс білім департаменті	2005 жыл	50,0	Облыстық бюджеттің қаражаты
18	Шарбақты ауданының Шарбақты ауылындағы Абай атындағы орта мектепке жапсаржай (спортзал) құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Шарбақты ауданының әкімі	2006 жыл	25,0	Шарбақты ауданының бюджеті
19	Ертіс ауданының Ертіс ауылындағы 100 орындық балабақшаның құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Ертіс ауданының әкімі	2006 жыл	100,0	Ертіс ауданының бюджеті
20	Баянауыл ауданы Баянауыл ауылындағы 50 орындық балабақшаның құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Баянауыл ауданының әкімі	2006 жыл	64,4	Баянауыл ауданының бюджеті
21	Ертіс ауданының Қызылқақ ауылындағы	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің	Ертіс ауданының әкімі	2006 жыл	20,0	Ертіс ауданының

	мектепке жапсаржай құрылысын салу	құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру				бюджеті
22	Ақсу қаласының (ауылдық аймағы) қазалы ауылындағы 100 орындық мектепке жапсаржай құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Ақсу қаласының әкімі	2006 жыл	50,0	Ақсу қаласының бюджеті
23	Успен ауылының N 3 орта мектебіне жапсаржай (спорт және акт залдарының) құрылысын салу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Успен ауданының әкімі	2006 жыл	40,0	Успен ауданының бюджеті

3. Сумен жабдықтау

24	Облыстың елді мекендерін сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелген жүйесін қайта құру және салу Ақсу қаласы (ауылдық аймақ) Железин ауданы Ертіс ауданы Качиры ауданы Лебяжі ауданы Павлодар ауданы Успен ауданы Ақтоғай ауданы	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2004 жыл	620,5 42,2 116,1 116,3 100,9 98,8 40,0 70,0 36,2	Республикалық бюджет қаражаты
25	Облыстың елді мекендерін сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелген жүйесін қайта құру және салу: Ақсу қаласы (ауылдық аймақ) Ақтоғай ауданы Баянауыл ауданы Железин ауданы Качиры ауданы Ертіс ауданы Лебяжі ауданы Май ауданы	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2005 жыл	1830,7 38,7 129,8 192,2 51,7 841,8 212,6 49,0 35,2 30,3 75,2	Республикалық бюджет

	Павлодар ауданы Павлодар қаласы (ауылдық аймақ) Шарбақты ауданы Успен ауданы				64,5 109,7	қаража ты
26	Облыстың мына елді мекендерін сумен жабдықтаудың жергілікті жүйесін қайта құру және салу: Ақсу қаласы (ауылдық аймақ) Ақтоғай ауданы Железин ауданы Качиры ауданы Ертіс ауданы Май ауданы Павлодар ауданы Успен ауданы Шарбақты ауданы Екібастұз қаласы (ауылдық аймақ)	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2006 жыл	876,3 80,0 84,0 75,0 94,0 29,4 10,7 168,4 175,0 75,0 84,8	Республикалық бюджет қаражаты
27	Сумен жабдықтау объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2004 жыл	33,5	Облыстық бюджет қаражаты
28	Облыстың мына елді мекендерін сумен жабдықтаудың окшаулап шектелген жүйесін қайта құру және салу: Баянауыл ауданы Железин ауданы Качиры ауданы Ертіс ауданы Лебяжі ауданы Павлодар ауданы Шарбақты ауданы	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2004 жыл	85,7 27,3 25,0 9,5 3,2 1,5 10,9 8,3	Облыстық бюджет

		барысы туралы жылдық есеп тапсыру				каража ты
29	Сумен жабдықтау объектілерінің жобалау-сметалық құжатнамасын әзірлеу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2005 жыл	35,1	Облыс ты қ бюджет каража ты
30	Облыстың мына елді мекендерін сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелген жүйесін қайта құру және салу: Баянауыл ауданы Лебяжі ауданы Ертіс ауданы Шарбақты ауданы Екібастұз қаласы (ауылдық аймақ)	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2005 жыл	89,9 43,1 25,4 2,4 12,0 7,0	Облыс ты қ бюджет каража ты
31	Сумен жабдықтау объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2006 жыл	36,8	Облыс ты қ бюджет каража ты
32	Облыстың мына елді мекендерін сумен жабдықтаудың оқшаулап шектелгені жүйесін қайта құру және салу: Ақсу қаласы (ауылдық аймақ) Баянауыл ауданы Железин ауданы Ертіс ауданы Шарбақты ауданы	Облыс экономика департаментіне тоқсан сайын есеп тапсыру. Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру барысы туралы жылдық есеп тапсыру	Облыс су шаруашылығы департаменті	2006 жыл	81,2 25,0 11,9 12,0 6,0 26,3	Облыс ты қ бюджет каража ты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК